



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№
05.11.2021 № 4 ге

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 26 қазандағы
қаулысы**

**Елордада кітапхана жүйесін дамытуға
бағытталған қаржы қаражаттарды тиімді
пайдалану жөніндегі шаралар туралы**

«Елордада кітапхана жүйесін дамытуға бағытталған қаржы қаражаттарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының (бұдан әрі – Мәслихат) бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) елорданың атқарушы органы кітапхана жүйесін дамытуға бағытталған қаржы қаражатын тиімді пайдалану жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізіп жатқанын атап өтті.

Қазіргі уақытта халыққа кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді 18 кітапхана жүзеге асырады, Орталық кітапхана жүйесінің құрамына 11 көпшілік кітапхана, 6 балалар кітапханасы және зағип және нашар көретін азаматтарға арналған 1 мамандандырылған кітапхана кіреді.

Оқырмандардың ең көп тобына орта мектеп, орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарының оқушылары мен студенттері, зейнеткерлер, уақытша жұмыс істемейтін азаматтар, сондай-ақ шағын бизнес өкілдері кіреді.

Кітапханаларда оқу, шығармашылық даму үшін, белгілі жазушылармен, ақындармен, қоғам қайраткерлерімен, қаланың танымал қызықты тұлғаларымен кездесулер ұйымдастыруға кеңістіктер бөлініп, қолайлы жағдай жасалған.

Ағымдағы жылы ақшалай қаражат, оның ішінде кітап қорын, мерзімді басылымдарды толықтыруға, кітапханалар үшін үй-жайларды жалға алуға, олардың жүріп-тұруы шектеулі азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету және бейімдеу мақсатында жөндеуге жұмсалды.

Мәслихат депутаттары кітапханалар білімге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететін көпфункционалды ақпараттық және бос уақытты өткізу

орталықтарына айналуы тиіс екенін, осыған байланысты жұмыс істеп тұрған кітапханалардың санын арттыру қажет екенін атап өтті.

Тұрақты комиссия отырысына дайындық аясында ағымдағы жылдың қазан айында Мәслихат депутаттары №3 балалар кітапханасына, Орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасына және Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханаға барды.

Аралату барысында кітапханалардың алаңын ұлғайту, оларды жабдықтау, жөндеу жүргізу, білікті кадрларды тарту және кітапхана қызметкерлерінің төмен жалақысына қатысты мәселелер көтерілді.

Сонымен қатар, отырыс барысында Мәслихат депутаттары кітапхана қызметкерлерінің еңбекақысының төмен болуына қарамастан, олардың біліктілік деңгейі төмен болмауы тиіс және цифрландыру мен электрондық кітапханаларды құру перспективаларын ескере отырып, олардың біліктілігін арттыру қажеттілігін атап өтті.

Бүгінгі таңда елорданың ең сұранысқа ие және ірі кітапханасы - 1974 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан және 14-тен астам оқу орындарына қызмет көрсететін №3 балалар кітапханасы. Аталған кітапхананың ғимараты ескірген, оның жапсарлас құрылысы 2020 жылы апатты жағдайға байланысты бұзылған. Сондай-ақ, Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапхана да мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қолайлы жағдай жасауды және жаңғыртуды қажет етеді.

Бүгінгі таңда барлық кітапханалар сымды және сымсыз Интернетке қол жетімділікпен жабдықталған. Алайда, бұл ретте интернет желісі жылдамдығының өткізу қабілеттілігінің техникалық мүмкіндіктері шектеулі, өйткені кітапханаларда технологияларды қолдауды қамтамасыз ететін мамандандырылған бағдарламалық өнімдер - RFID жаңа жабдықтарын және АБИС «МегаПро» бағдарламалық өнімін сатып алуға байланысты Интернет желісіне түсетін жүктеме артты, бұл жаңа жабдықтың функционалы мен ресурстарын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар, кітапханалардың өзекті міндеті - кітап қорын цифрлау және дерекқорды электронды көшірмелермен толтыру, бұл кітаптарды сканерлеп сақтауға және оларды қалың оқырман қауымға қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Проблемалық мәселелердің бірі кітапханалар үшін үй-жайларды жалға алу болып табылады, жергілікті бюджеттен 4 кітапхана үшін үй-жайларды жалға алуға қаражат жұмсалады. Осыған байланысты қаланың коммуналдық меншігінен үй-жайларды іздестіру бойынша мүмкіндіктерді қарастыру қажет, бұл ретте үнемделген қаражатты оқырмандарды тартуға, кітап қорын толықтыруға және/немесе электрондық кітапханалар құруға жұмсау қажет.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтік оңалуына ықпал ететін бос уақыттарын ұйымдастыру мақсатында олар үшін мамандандырылған кітапханалар ашу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Нұр-Сұлтан

қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Елордада кітапхана жүйесін дамытуға бағытталған қаржы қаражаттарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ:

елорданың коммуналдық меншігінен кітапханаларға үй-жайлар бөлу, оның ішінде жертөле қабаттарында, салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында үй-жайлар бөлу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ:

тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен жоғарыда көрсетілген орындарда кітапханаларға үй-жайлар бөлу, жаңадан салынған дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ғимараттарында кітапханаларды орналастыру жөніндегі мәселелерді пысықтау;

кітапхана қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

кітапхана қызметкерлерінің жалақысын көтеру және тұрғын үй беру мәселелеріне бастамашылық жасау;

кітапханалардың жарнамалық-ақпараттық қызметінің деңгейін арттыруға ықпал ету;

жұмыс істеп тұрған кітапханалар базасында ІТ мектептерін ашу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ бірлесіп:

оқырмандық сұранысты ескере отырып, тақырыптық бағыттар бойынша цифрланған әдебиеттің контентін жасау;

кітапханалар мен басқа ақпараттық жүйелермен интеграцияның кең мүмкіндіктері бар пайдаланушылар үшін инновациялық бағдарламалық өнім - автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана жүйесін орнату;


Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхананың кітап қорын Брайль жүйесі бойынша кітаптармен және аудиокітаптармен жиынтықтауға, ІТ-инфрақұрылымды жаңғырту қызметтеріне (кабельдер, модемдер, жергілікті желі, коммутациялық жабдық) және автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана жүйесін орнатуға арналған қаражатты қарастыру және тиісті бюджеттік өтінімге енгізу;

дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бос уақытты өткізу, қызығушылықтарды шоғырландыру орталықтарының біріне айналатын, мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін ұсынылатын қызметтердің тиісті

мен кітапханалар ашу мүмкіндігін қарастыру;
ы жағдай жасау мақсатында Зағип және нашар көретін азаматтарға
мамандандырылған кітапхананы жаңғыртуға ақша қаражатын
у мүмкіндігін зерделеу;
жастар мен қоғамдық ұйымдарды және бірлестіктерді тарта отырып,
кітапханаларда балалар мен жастар үшін бос уақытты мазмұнды және пайдалы
ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;
елордада типтік кітапханалар салу үшін негіздеме дайындау;
жастарды кітапханаға тарту үшін ақпараттық-коммуникативтік
технологияларды, инновациялық тәсілдерді қолдану ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



Н. Көпешов